



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.12.2022 ж.

№ 21 , 1-т.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігімен ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын іске асыру жұмысының жағдайы туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Г.Б.Есқалиеваның ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын іске асыру бойынша педагогтардың әлеуметтік мәртебесін арттыру, оларды әлеуметтік кепілдіктермен және Қызылорда облысының білім беру ұйымдарында жеңілдіктермен қамтамасыз ету бөлігінде жұмыстың жағдайы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Облыстық кәсіподақ комитеті ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, жергілікті билік органдарымен, білім беру ұйымдарымен бірлесіп, педагогтардың әлеуметтік және кәсіби мәртебесін арттыруға, оларды әлеуметтік жеңілдіктермен және кепілдіктермен қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған оның ережелерін іске асыру бойынша мақсатты жұмысты жалғастырсын.

Осы мақсатта облыстық кәсіподақ ұйымы, аудандық және қалалық ұйымдары:

- заңнамалық белгіленген кепілдіктер мен жеңілдіктерді оң шешу, осы мақсаттарға қаражатты толық көлемде бөлу үшін білім беру саласы ұйымдарынан сайланған жергілікті өкілді органдармен, депутаттармен тығыз өзара әрекет жөніндегі жұмысты күшейтсін;

- педагогтардың әлеуметтік мәселелерін жергілікті жерлерде шешуге, олардың тиімді кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасауға басты назар аудара отырып, заң ережелерін іске асыру мониторингісін жүйелі түрде жүзеге асырсын;

- педагогтардың әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері, салалық келісім ережелерінің орындалу барысы педагогтардың өтініштерінде жиі көтерілетін проблемалық мәселелерге: еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік

жәрдемақыларды есептеу және төлеу, еңбек жағдайлары және тіршілікті қамтамасыз етудің басқа да мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссияның отырыстарында ұдайы қаралсын.

3. Кәсіподақ органдары педагогтарға емес функцияларға тартуға тыйым салуды белгілеу, белгіленбеген есептерді жасау және ұсыну, негізсіз тексерулер жүргізу және т.б. арқылы жүктемені қысқарту шараларын қабылдасын.

4. Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы (төрағасы Г.Б. Есқалиева) осы қаулының ұсынымдары мен тапсырмаларының орындалу барысы туралы 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін Кәсіподақтың Орталық комитетін хабардар етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева